

ӘОК 378. 016

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Искакова М.Т., *п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ*

Мошқалов А.Қ., *PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Авдарсолқызы С., *магистр, аға оқытушы, Қазмемқызпу*

Туребаев Д., *Сулейман Демирель атындағы университет*

магистранты

Резюме

Summary

В статье рассматривается эффективность и пути реализации системы электронного обучения в системе образования. The article examines the effectiveness and the realization of e-learning in the education system.

Ключевые слова: информатика, электронные обучения. **Keywords:** computer science, electronic learning.

Аңдатпа. Мақалада электронды оқыту жүйесінің білім беру жүйесіндегі тиімділігі мен жүзеге асыру жолдары көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Жарлығымен 2010ж. 1-ақпанында бекітілген Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарында барлық білім беру жүйесін одан әрі ақпараттандыру мен электрондық оқытуды жаппай енгізу бағдары анықталған болатын. 2011-2020 жж. Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында адамзаттық ресурстардың әлуетін арттыру мақсатында білім беруді түбегейлі жаңартудың басым бағыты болып электрондық оқыту аталған. Электрондық оқытуды 2015 жылға дейін республика мектептерінің 50%-ына, ал 2020 жылға дейін 90%-ына енгізу жоспарланды. ЮНЕСКО ұлттық жүйелерді жаңарту мен дамытуда негізгі рөлді электрондық оқытуға (e-learning) береді. Білім беру дағдарысының салдарын төмендету үшін, білім алушыларды білім берудің жаңа мәнеріне бағдарлау үшін және бүкіл ғұмыр бойы одан әрі оқыту үшін олардың біліктері мен машықтарын дамытатын e-learning технологиясы ең тиімді ретінде анықталды. Дамыған елдерде (Филляндия,

Норвегия, Сингапур және т.б.) e-learning-ті инновациялық іс-әрекеттің машықтарын дамытуға көмектесетін негізгі әдіс ретінде мемлекеттік деңгейде қарастырады. Сонымен бірге, жалпы білімдік мектептегі электрондық оқытудың теориясы мен практикасында шешілмеген бірқатар өзекті мәселелер қалып отыр. Біртұтас, жалпы қабылданған, тұрақталған ұғымдық-санаттық аппарат жоқ, электрондық оқыту, ақпараттық білімдік орта және т.б. ұғымдардың анықтамаларында бірлік жоқ, электрондық білімдік өнімдердің көптеген топтамалары байқалады. Электрондық оқытудың педагогикалық әдіснамасын дайындау мәселесі ашық қалып отыр. Электрондық оқыту көп жағдайда ересектерді оқытудың қағидалары мен заңдылықтарына сүйенетін жоғары және қосымша кәсіптік білім беру үшін толығымен жарамды электрондық веб-технология негізінде оқыту секілді ұстанымға бағытталған. Ал сол уақытта жалпыбілімдік мектепте оқыту процесі балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты өз заңдылықтарымен және қағидаларымен ерекшеленеді. Сондықтан электрондық оқытуды жүзеге асырудың шынайы жолын анықтау және оның тұжырымдамасын дайындау қажет.

Қоғамның дамуы бүгінгі таңдағы білім беру процесінде дамыған елдер стандартына деген ұмтылысты қажет етуде. Ал әлемдік білім кеңістігіне ену, әрине, бәсекеге қабілеттілік ұғымымен байланысты. Қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Осыған орай, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Орта, техникалық, кәсіптік және жоғары оқу орындарында электронды оқыту жүйесі» енгізу және оны іске асыру жолдары қарастырылған болатын. Электронды оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат – білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу жеткілікті:

- Электрондық оқыту жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді дамыту;
- Білім беру ұйымдарының технологиялық инфрақұрылымын дамыту;
- Оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануды дамыту;

- Сандық білім ресурстарын дамыту;
 - Ұйымдастырушылық қамтамасыз ету және электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды даярлау.
- Электрондық оқыту жүйесінің қызметін қамтамасыз ету үшін келесі бағыттар бойынша нормативтік-құқықтық базаны жасау талап етіледі:
- Оқушылардың қорытынды аттестациясының нәтижесін негізге ала отырып, электрондық оқыту жүйесін ұйымдастырудың нормативтік базасын жасау;
 - Қолданыстағы мемлекеттік білім стандарттары мен оқу бағдарламаларына АКТ-ны қолдану негізінде пәндер бойынша оқушылардың біліміне, біліктілігіне және дағдысына қойылатын талаптарды енгізу;
 - Білім беру ұйымдары үшін электрондық оқыту жүйесінің программалық және техникалық қамсыздандыру тізімімен ұсынылған талаптарға сәйкес бірыңғай корпоративтік стандарт жасау;
 - Электрондық оқытудың бірыңғай жүйесін пайдаланушылардың ұжымдық және жеке жұмыс тәртібін құру;
 - Таратуға жіберілген сандық білім ресурстарын қолдану бойынша әдістемелік нұсқау қорын құру;
 - Сандық білім ресурстарын қолдану үшін әдіскерлер мен оқытушыларды кәсіби және кадрлардың АКТ-құзырлығын қалыптастыруға даярлау жүйесін құру,
 - АКТ-ны қолдану арқылы оқытушылардың жасаған үздік оқу материалдарын тарату механизмін құру;
 - Сандық білім ресурстарын құру, талдау және тарату;
 - Сандық білім ресурстары бойынша эксперттік кеңес жұмысын ұйымдастыру.[1]

E-learning ұғымы (ағылшын тілінен қысқартылған Electronic Learning)- электрондық оқыту жүйесі, электрондық оқыту, қашықтықтан оқыту, компьютердің көмегімен оқыту, желілік оқу, виртуальды оқыту, ақпараттық, электрондық технологиялардың көмегімен оқыту терминінің синонимі болып табылады. E-learning- бұл оқу және оқыту форматы, білім беру контенттерінің электрондық формасын электрондық құралдармен қолданып, компьютер, ұялы телефон, коммуникатор, білімді басқару жүйесі (LMS) және интерактивті оқыту платформасына негізделген сабақ берулерден құралады. Ал жалпылама ЮНЕСКО мамандарының берген анықтамасы бойынша: «E-learning- Интернет және мультимедиа көмегімен оқыту» дегенді білдіреді екен. Электрондық оқыту- «E-learning технологиясы арқылы білім алушы қашықтықтан тыңдаған жоғары оқу орнында өзіне қолайлы уақыт мезгілінде электрондық оқу материалдарын, тыңдаған дәріс

берушімен виртуальді түрде қарым –қатынас жасай отырып өз білім қорын жинақтап, жетілдіре алады. Яғни, элетрондық оқыту (E-learning) жүйесінің негізгі артықшылықтарын былайша атап көрсетейік:

- Қолайлы уақыт пен орын;
- Қашықтықтан білім алуды жүзеге асырады;
- Үздік білім ресурстарына қолжетімділік;
- Денсаулығы шектеулі білім алушылардың білім алу мүмкіндігі;
- Оқытушымен үздіксіз қарым-қатынас;
- Білім алудың қолайлы күнтізбесі [2].

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, e-learning жүйесі білім беруді жаңғыртуға арналған негізгі құралдардың бірі болып табылады. Мәселен, Оңтүстік Корея, Финляндия мен Ирландияда электронды білім беру жөнінде арнайы ұлттық бағдарламалар жүзеге асырылуда. Францияда балабақшадан бастап үлкендерді оқытуға дейін білім беру үрдісінің барлық саласына ақпараттық-коммуникациялық технология енгізілген.

Сонымен электронды оқыту біріншіден, білімді дамытудың ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету құралы, екіншіден, электрондық оқыту жүйесінің кез келген түйінінен мәліметтерді орталықтандырып жинақтау арқылы білім беру жүйесінің мониторингін жасау құралы, үшіншіден, білім беру жүйесі туралы қажетті статистикалық мәліметтерді және түрлі аспектілер бойынша есеп беруді қалыптастыруды қамтамасыз ететін шешім қабылдау құралы ретінде әрекет етуі тиіс. Электронды оқыту жүйесі төмендегідей ішкі жүйелерден тұрады:

- Ұлттық білімдік мәліметтер қоры;
- Мектептерді басқарудың ішкі жүйесі (мектеп іс қағаздарын жүргізу, т.б.)
- «Электрондық оқулықтар» ішкі жүйесі - e-Book;
- Оқыту үрдісін басқару ішкі жүйесі - LMS;
- Оқу мазмұнын басқару ішкі жүйесі - LCMS;
- Тестіні басқарудың ішкі жүйесі - TMS;
- Дамытуды басқару ішкі жүйесі - DM;

-Мониторинг және талдау ішкі жүйесі,

-Сыртқы ақпараттық жүйелермен біріктіру модулі.

Орта білім беру саласында да электрондық оқыту жүйесі көптеген мүмкіндіктер береді. Таратып айтсақ, мектептер мен колледждерді қажетті инфрақұрылыммен, жүйені мағына жағынан мектеп және техникалық және кәсіптік білім беру пәндері бойынша цифрлық білім беру ресурстарымен жабдықталуда, электрондық оқыту жүйесінде әкімшілік, директордың орынбасары, мұғалім, оқушы, медициналық қызметкер, кітапханашы үшін функционалдар әзірленетін болады. Оқушы автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Ал мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептелік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Ата-аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай-ақ қашықтықтан баласының сапалы орта білім алуы мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады.

Электронды білім беру бойынша жүзеге асырылатын ауқымды жоба Қазақстанның білім беру жүйесін ақпараттандырудағы серпіліс болып табылады. Елбасы өзінің дәрісінде қазіргі күнде отандық білім беру жүйесі халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, жаңа білім мен технологияларды түрлі қызмет аясында қолдана білетін, үнемі өз білімін жетілдіріп отыруға ынталы мамандарды даярлауға бағытталып отырғанын атап өтті. Сондықтан да, дамыған елдерде кеңінен тараған «E – learning» электронды оқыту жүйесі елімізде білім беруді дамытуды жүзеге асыратын негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Елімізде электронды оқыту жүйесін енгізу екі кезеңмен жүзеге аспақшы. Оның бірі 2011-2015, ал екіншісі 2016-2020 жылдарды қамтиды. Сәйкесінше, бастапқы кезең бойынша білім беру мекемелерінің 50 пайызы, екінші кезеңде 90 пайызы электронды түрге көшпек. Осы жүйемен жұмыс жасауға мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушылары арнайы дайындықтан өткізілуде. E-learning электронды оқыту жүйесі білім берудің барлық сатысын технологияландыруымен ерекше. Электронды оқыту түрін

қолданудың әсерлігі мен нәтижелігі туындайтын жағдаяттардың нақты факторларына тәуелді болуында.[4]

Қорытындылай келе, қазіргі заманда білім кеңістігінің жоғары қызығушылықпен дамып келе жатқан саласы – электронды жүйемен оқыту. Электронды оқыту жүйесінің арқасында кейінгі өсіп келе жатқан жас ұрпағымыздың сапалы білім алуына оң нәтиже береді. Сонымен қатар білім жүйесінің қызметкерлеріне уақытын үнемдеуге, мұғалімдер мен оқушыларды белгілі бір тәртіптік бағытта жұмыс жасауына ықпал етеді. Заман талабына сәйкес электронды оқыту жүйесін ұтымды және өз дәрежесінде қолдана білу қажет.

Әдебиеттер

1. 2010-2015 жылдарға арналған электронды оқыту жүйесінің тұжырымдамасы.
2. Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді бағдарламасы.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан. -2004.-16 қазан.
4. Білім беру жүйесінің дамуы//Егемен Қазақстан. -2012.-25 қазан.
5. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Г.Бейсенова, Қазақстан мектебі №6 - 2006.